

Меркі аудандық мәслихатының "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін көмек беру туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы №3-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2017 жылғы 1 наурыздағы №14-11 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2 мамырдағы № 2-4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 мамырда № 5014 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Меркі аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Меркі аудандық мәслихаттың "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін көмек беру туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы №3-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2017 жылғы 1 наурыздағы №14-11 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3364 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Меркі аудандық
мәслихат төрағасы*

М. Кокрекбаев